

Кафедра: "Биологиялық қауіпсіздік"

Тақырыбы: *Күйістілерді ценуроз бен эхинококкозға аллергиялық зерттеу.*



Орындаған: Махмұт Ақерке

Группа: ВМ-404

Тексерген: Усманғалиева Сымбат

Жоспар :



- ◆ **Ценуроз қоздырғышы**
- ◆ **Клиниклық белгілері**
- ◆ **Диагноз қою**
- ◆ **Емдеу**
- ◆ **Эхинококкоз қоздырғышы**
- ◆ **Клиникалық белгілері**
- ◆ **Диагноз қою**
- ◆ **Емдеу**

Ценуроз

Қой ценурозы (айналма, тентек) – бас миының, кейде жұлынның зақымдалуымен және олардың қызметінің бұзылуы.

Айналманы тудыратын құрттың жыныстық жетілген сатысы етқоректілердің ащы ішегін, ал көпіршік ларвоциста кезі қойдың, сирегірек ешкінің, бұзаудың, кейбір тұяқтылардың орталық жүйке жүйесі ұлпаларын мекендейді.

Аралық иелері – қой, қозы, ірі қара мал, сирегірек түйе, шошқа, жылқы, сайғақ, жйран, архар, сондай-ақ адамдар ауырады.

Ақтық иелері – ит, өте сирек түлкі, қорқау және қасқыр болып табылады. Аш ішек бөлімінде ми цепенінің жынысы жетілген сатысы паразиттік тіршілік етеді.




Қоздыртғышы. Имаго – *Milicseris ұзынovidғы* 40-60 см-ден 1-1,5м-ге барады, денесі 200-250 бунақтардан құралған. Көпіршігі – *Coenurus cerebralis* – іші түссіз сұйыққа толы, ішкі жағынан бүртік секілді нүктедей жүзден артық сколекстері байқалады. Мида 2-3 ценур кездеседі, олардың үлкендігі кейде тауық жұмыртқасындай.



Эпизоотологиясы

Ценуроз Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының қой өсіретін барлық шаруашылықтарында кездеседі. Айналмамен көбінесе 1 жасқа дейінгі қозылар ауырады. Ал 2 жастан асқан қой бұл дертке сирек шалдығады. Мал шығыны жылдың барлық айларында тіркеледі. Жас төлдердің тентекке ұшырауы сәуір-мамырайларында басталады, ал шілде-тамызда көбейе түседі. Ценуроздың клиникалық белгілері қойға оның қоздырғышы жұққаннан кейін 3-6 ай өткен соң ғана біліне бастайды. Бұл аурудың ең асқынатын кезі – ерте көктем.



Патогенезі

Ценуроз коздырғышының мал денесіне тигізер ықпалы балаңқұрт ащы ішек қабаттарын тесіп өткеннен-ақ байқалады. Патоморфологиялық өзгерістер ащы ішек пен тоқ ішекте, бүйенде айқындала түседі, бұлардың кілегей қабатынан көптеген нүкте тәріздес қанталауларды көруге болады. Одан кейін онкосфера қан, сөл жолдары арқылы барлық дене мүшелеріне таралады. Бас миында алғашқы өзгеріс ауру жұқтырғаннан кейін 2 тәулік өтісімен анықталған. Ценур орналасқан жер зақымдалып қабынады. Біртіндеп өсіп жетілген көпіршік түзіліп, ол орталық жүйке жүйесінің қызметін бұза бастайды. Бұл гельминтоз өте зардапты дерт, одан мал өлмей тірі қалуы екі талай.



Клиникалық белгілері. Ауру сырт белгілеріне қарай 4 сатыға бөлінеді.

1. Ценуроз жұққан қойда ешқандай клиникалық белгі байқалмайды, бірақ қоздырғышты организмде бар екенін иммунологиялық реакцияны пайдалану арқылы табуға болады.
2. Сырт белгілері білінген кезеңі шамамен алғанда жануар залалданғаннан кейін 17-29 күн өткен соң басталады. Мал аз жусап, денесі дірілдейді, тісін қайрайды, елеңдеп, жоқтан өзгеден үркіп, кейде жатқан орнынан атып тұрып, құлақтарын қайшылап, шошынған қалып танытады. Бұл кезең 2-7 күнге созылады.
3. Малдың күйі кәдімгідей жақсарады, аталған клиникалық белгілер өзінен-өзі жойылып, білінбей кетеді.
4. Ауру асқынған кезде жүріп келе жатып мелшіе қалу, бағытсыз жүріп кету, қоралы малдан бөліне қашу, кілт тоқтап артқа шегіну, оқтын-оқтын басын бір жағын қисайтып алып, бағдарсыз жүріп барып сүріну, жығылу, басын кекжитіп алып тұра жөнелу, көбіне бағытын жоғалтып, бір орнында айнала беру сияқты белгілер байқалады.





Патанатомиялық өзгерістер


Аурудың алғашқы кезеңінде өлген қозының бас сүйегін жарып тексергенде, ми қабығы қызарыңқырап тұрады. Мидың әр тұсынан айналма балаңқұрттарының іздерін көруге болады. Дерттің созылмалы түрінде мида 1 н\е 2-3, көлемі көгершін не тауық жұмыртқасындай көпіршіктер табылады. Бас сүйек жұқарып, саусақпен басқанда былқылдап тұрады.



Диагноз қою.

Диагноз эпизоотологиялық мәліметтер, клиникалық белгілері және паталогоанатомиялық сойып тексеру нәтижесінде бас миында немесе жұлында ценур көпіршігін табу негізінде қойылады.

Малдың тірі кезінде ценурозд клиникалық белгілеріне қарап, офтальмоскопия және аллергиялық тәсілдер арқылы анықтауға болады. Ценурозды өлген қойдың бас сүйегін жарып, миын тексеріп дәл ажыратуға болады. Ми ішінен құрт көпіршігі табылады.



Емдеу жолдары. Айналманы оташылдық (хирургиялық) тәсілмен емдейді. Бұл әдіс аурудың сырт белгілерінің 4-ші сатысы кезінде, яғни миқұрттың мейлінше үлкейген шағында қолданылады.

Алдын алу шаралары. Жануарлардың ценурозбен ауруының алдын алу мақсатында заңды және жеке тұлғалар, малдардың иелері ценуроздың және басқа аурулардың алдын алуға бағытталға қоздырғыштың биологиясы мен малды күтіп-бағудың технологиясын ескере отырып шараларды жүзеге асырады.


Қой ценурозына қарсы вакцина шығарылған (Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты, Ресей Федерациясы). Оны қозыларға ерте көктемде 1 рет егеді.




Эхинококкоз (Беріш, бершімек)

Эхинококкоз ауруы мал шаруашылығына көп зиян келтіретін адамзатқа қауіпті ауру.

Эхинококктың таспасы ит, қасқыр, қарсақ, түлкі ащы ішегін мекендейді, ал көпіршіктері (беріш-бершімектері) адам, үй және жабайы тұяқтылардың өкпесінде, бауырында, кейде басқа да мүшелерінде тіршілік етеді.



Қоздырғышы. Ересек жетілген түрі – *Echinococcus granulosus* өте уақ гельминт, ұзындығы 2-6 мм (0,5см) сколекстен, 3-4 бунақтардан тұрады. Мойнынан кейінгі буылтықтар қосжынысты, соңғы 4-сі пісіп-жетілгені, ал оның қапшық секілді жатыры жүздеген жұмыртқаға толы.





Эпизоотологиясы. Оңтүстік облыстарының аудандарында 4 жастан асқан қойдың 20-80% бершімекпен ауыратыны белгілі. Мал өлімі қыста, ерте көктемде, яғни күтімі нашарлаған жағдайда байқалады. Қой шаруашылығы өркендеген жерде адам мен мал эхинококкозының көбірек тарайтыны кездейсоқ жай емес. Өйткені басқа түлікке қарағанда қой мал дәрігерлік тексеруден өткізілмей-ақ сойыла береді.

Құрттың ақтық иелерінен гелминтозды таратушылардың негізгісі – ит. Бұлар сыртқы ортаға күн сайын таспа құрттың мыңдаған жұмыртқаларын шашады. Олар сыртқы орта жағдайына өте төзімді.



Патогенезі. Бауыр мен өкпеде орналасқан эхинококк көпіршіктері өсе келе ағзалардың бір қалыпты қызметін бұзады. Ларвоцисталар өте көп болған жағдайда олардың толық істен шығуына әкеліп соқтырады. Өкпе мен бауырдағы беріштер органдарды қысып, оларды семуге ұшыратады. Көпіршік жатқан орын үңгір қуысқа айналады, ұлпалар желініп кетеді. Денеге эхинококк сұйық затының уыты да ықпал етеді. Микробтар қосылып дертті одан сайын ұшықтырып жібереді. Жануар әбден арықтап барып өледі.



Клиникалық белгілері. Бершіміктер өкпеде дамыса, оның ауа тамырларын қысуынан жануардың күйі төмендейді, тынысы тарылып, жөтелі жиілейді. Мал бірте-бірте арықтап, әдетте қыс айларында шығынға ұшырайды. Эхинококктер бауырға орналасқанда малдың күйіс қайыруы нашарлайды, ас қорытуы бұзылады, кейде іші кебеді. Ағза көлемі ұлғайғанда жануардың оң жақ қарыны шығынқырап тұрады, бауыр тұсын қолмен басса ауырсынады. Кейде циталар құрсақ қуысында, шажырқайда болса, буаз сиырлар іш тастауы ықтимал.





Патанатомиялық өзгерістер. Өлген не амалсыз сойылған малдың өкпе-бауырын тексергенде олардың сырты көптеген эхинококк көпіршіктерінің орналасуынан кедір-бұдыр болады, кейде ларвоцисталар органдардың сыртына шықпай ішінде қалады. Ондай мүшелерді кескенде ішінен бешімектер шығады. Олардың көлемі әрқилы, бұршақтың үлкендігіндей, жұмыртқадай, тіпті нәресте басындай болады. Ал эхинококкпен бүлінген өкпе-бауырдың түрі өзгеріп, ұлғайып, салмағы ауыр келеді.

Эхинококкоз печени






Диагноз қою. Малдың тірісінде эхинококкозға клиникалық белгілері арқылы диагноз қою қиын. Кейінгі жылдары иммунобиологиялық, анықтап айтқанда, аллергиялық және серологиялық әдістерді пайдаланады. Егер 1-ші әдіс шаруашылықта қолдау тапса, ал 2-сі ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғана жүргізіледі.

Өлгеннен кейін балау мал өлекселерін қарау арқылы анықталады, бірақ көпіршіктердің бірең-сараны табылған жағдайда, оларды мал өлуінің себебі деп санауға болмайды. Малдың эхинококкоздан өлуі ларвоцисталармен қатты инвазияланғанда ғана болуы мүмкін.

Емдеу. Малдың эхинококкозын дәрі – дәрмекпен немесе оташылдық жолмен емдеудің әдіс-тәсілдері бүгінгі таңда әлі табылған жоқ.

Алдын алу шаралары. Қазақ малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институты құрттың протосколекстерінен жасалған ақсұр түсті иіссіз құрғақ аллерген ұнтағын («Эхиноаллерген») өндіріске ұсынған.





Гельминтоздарды иммунологиялық әдістермен зерттеу

- Гельминтологиялық тәжірибеде әлі де толық қолданылмауда. Атап айтқанда иммунобиологиялық реакциялар көмегімен бүгінгі таңда ірі қара мен шошқада цистицеркозына, мал эхинококкозына, қой ценурозына, цистицеркозына диагноз қоюға болады.

- Диагноз қою үшін ұнтақ эхиноаллерген алдымен хлорлы натрийдың физиологиялық ерітіндісімен 1:1000 қатынаста ерітіледі. Эхиноаллерген ерітіндісін қойға 0,2 мл көлемде құйрық астындағы тері қыртысының ішінде, ірі қараға 0,5 мл мөлшерде мойын терісі қабатына егеді.

Эхиноаллерген егілген жерде кішігірім тығыз төмпешік пайда болады.

Аллерген ретінде эхинококк берішінің сұйығында пайдалануға болады.

Кейде аллергиялық реакцияның көздің үстіңгі қабағы терісінің қабатына жіберіледі.

Аллергиялық реакция нәтижесі 2 (ірі қара үшін), 3 (қой үшін) сағат өткен соң шығарылады. Дәрігер малдың егілген жерін қарап, ісінген терінің аумағын өлшейді. Егер, ісінген тері көлемі 2,5 см (қойда) 4-6 см (ірі қарада) артық болса, реакция оң көрсеткішке бағаланады.



Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!